- <variant> Артерия артта, вена алда — қалқанша безін алып тастауда қауіп тудырады

<question> Науқаста мойынның терең бөліктерінен қатты қан кету пайда болды. Сыртқы ұйқы артериясын байлау мақсатында хирург жалпы ұйқы артериясының сыртқы және ішкі тармақтарға бөлінген жерін ұйқы үшбұрышында анықтады. Бұл артерияларды бір-бірінен ажырататын басты белгі қандай, таңдаңыз:

- <variant> Сыртқы ұйқы артериясынан бүйірлік тармақтар шығады
- <variant> Ішкі ұйқы артериясы сыртқысына қарағанда үлкенірек
- <variant> Ішкі ұйқы артериясының бастамасы сыртқысына қарағанда тереңде және сыртқа қарай орналасады
- <variant> Ішкі ұйқы артериясы қанмен қамтамасыз етуі жағынан басты тармақтарды береді
- <variant> Сыртқы ұйқы артериясы беткі құрылымдарға бағытталған тармақтарды береді

<question>Еріннің тілшесі (frenulum labii) — жұқа шырышты қатпар, ол еріннің ішкі бетін тіс еттерімен қосады. Төмендегі сипаттамалардың қайсысы жоғарғы еріннің тілшесінің қалыпты анатомиялық орналасуын және оның клиникалық маңыздылығын дәл сипаттайды, таңдаңыз:

- <variant> Денеңіздің орта сызығы бойында, жоғарғы ерін мен тіс еттері арасындағы; қалыпты орналасуы ерін қозғалысын шектемейді
- <variant> Орта сызықтың екі жағында, шамамен 10 мм қашықтықта; тіс қатарының қисайуына әкелуі мүмкін
- <variant> Орта сызықтан шамамен 20 мм қашықтықта, бүйір күрек тістерге жақын; бұл қалыптан тыс орналасу
- <variant> Орта сызықтан шамамен 30 мм қашықтықта, ит тістерінің деңгейінде; сөйлеуге кедергі келтіруі мүмкін
- <variant> Орналасуы кездейсоқ, әр пациентте жеке; бұл жағдайда хирургиялық түзету жиі қажет

<question>Алдыңғы сатылыаралық кеңістік (spatium antescalenum) — мойынның төменгі бөлімінде орналасқан анатомиялық кеңістік. Бұл аймақ арқылы маңызды тамыр-жүйке құрылымдары өтеді. Алдыңғы сатылыаралық кеңістік қандай түзілістердің арасында орналасқан, маңыздылығы:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 58-ші беті

<variant> Алдыңғы және ортаңғы сатылы бұлшықеттер арасында, иық өрімінің блокадасы, артерия қысылуы кезінде өте маңызды

<variant> Төс-бұғана-емізیکше бұлшықеті мен алдыңғы сатылы бұлшықет арасында, оның шекараларын білу иық өрімінің блокадасын жасау, бұғанаасты венасына катетер қою және мойын аймағындағы хирургиялық араласулар кезінде өте маңызды

<variant> Мойынның ұзын бұлшықеті мен алдыңғы сатылы бұлшықет арасында, клиникалық маңызы аз

<variant> Алдыңғы сатылы бұлшықет пен бұғанаасты артериясы арасында, тек тамырлар мен бұлшықеттің қатынасы арқылы маңызды

<variant> Алдыңғы сатылы бұлшықет пен плевра күмбезі арасында, плевра зақымдалу қаупі бар аймақ болғандықтан хирургиялық тұрғыдан қауіпті

<question>Сатылыаралық кеңістік (spatium interscalenum) — мойынның төменгі бөлігінде орналасқан маңызды анатомиялық аймақ. Бұл кеңістік арқылы негізгі тамыр-жүйке құрылымдары өтеді. Сатылыаралық кеңістік қандай түзілістердің арасында орналасқан, маңызы:

<variant>Алдыңғы және ортаңғы сатылы бұлшықеттер арасында; иық өрімінің блокадасын жасау, сатылы бұлшықеттер синдромын анықтау және бұғанаасты-қолтықасты аймақтағы хирургиялық операциялар кезінде клиникалық маңызды

<variant> Ортаңғы және артқы сатылы бұлшықеттер арасында, клиникалық маңызы шамалы

<variant> Сатылы бұлшықеттер мен омыртқа бағаны арасында, флегмона немесе іріңді процестердің таралу жолы ретінде маңызды

<variant> Алдыңғы сатылы бұлшықет пен төс-бұғана-емізикше бұлшықеті арасында, маңызы жоқ

<variant> Ортаңғы сатылы бұлшықет пен плевра күмбезі арасында, қауіп аймағы ретінде

<question>Иық өрімінің (plexus brachialis) — жоғарғы аяқ-қолдың иннервациясын қамтамасыз ететін маңызды жүйке құрылымы. Жауырын-бұғана аралық үшбұрыштың (trigonum omoclaviculare) шегінде иық өрімі қай жерде орналасқан, маңызы:

<variant> Жауырын-бұғана және омыртқа алды фасцияларының арасында ; өткізгіштік жансыздандыру, хирургиялық араласулар және компрессиялық синдромдарды диагностикалау кезінде клиникалық маңызға

<variant> Өзіндік және жауырын-бұғана фасцияларының арасында, клиникалық маңызы жоқ.

<variant> Омыртқа алды фасциясының астында, бұл жерде омыртқа алды бұлшықеттер орналасады

<variant> Жауырын-бұғана фасциясы мен бұғанаасты венасы арасында, тек веноздық катетеризацияда маңызды

<variant>Омыртқа алды фасциясы мен плевра күмбезі арасында, қауіп аймағы болып саналады

<question> Науқта инспираторлық ентікпе, бұғаналық үсті ойыстарының тартылуы, ысқырықты тыныс және көмейдің шырышты қабығының айқын ісінуі байқалады.

Консервативті ем нәтиже бермейді. Асфиксия қаупі туындауда. Осы клиникалық жағдайда трахеостомияны орындауға ең негізделген көрсеткіш қайсысы болып табылады, таңдаңыз:

<variant>Көмейдің ісінуі

<variant>Тыныс алу орталығының қызметі тежелген терминальды жағдай

<variant> Шынайы дифтериялық круп

<variant>Өкпенің созылмалы ауруларындағы тыныс бұзылысы

<variant>Кеңірдектегі бөгде зат

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 59-ші беті

<question> Қолтық астының флегмонасы кезінде іріңді үдерістің таралу жолдарын білу маңызды, себебі ірің қолтық аймағынан иық аймағына таралуы мүмкін. Қай анатомиялық жол бойымен ірің артқы шандырлы (фасциялық) кеңістікке тарайды?

<variant> Иықтың үшбасты бұлшықетінің ұзын басы бойымен

<variant> Қаршыға-тәрізді-иық бұлшықеті бойымен

<variant> Сәулелі жүйке бойымен

<variant> Иық артериясы бойымен

<variant> Қолтық жүйкесі бойымен

<question> Жедел трахеостомия кезінде хирург кеңірдекті кесудің деңгейін тез анықтауы тиіс, жоғарғы, ортаңғы және төменгі трахеостомиялар операция барысында негізгі анатомиялық бағдар болып табылатын белгілі бір құрылымға қатысты ажыратылады, таңдаңыз:

<variant> Қалқан тәрізді шеміршекке

<variant> Сақина тәрізді шеміршекке

<variant> Тіл асты сүйегіне

<variant> Қалқанша бездің мойнағына

<variant> Кеңірдектің жоғарғы, ортаңғы және төменгі сақиналарына

<question> 3 жастағы балада жалған круп фонында асфиксия қаупі туындап, дәрігер трахеостомия жасау туралы шешім қабылдайды. Балаларға трахеостомия түрі және себебі:

<variant> Жоғарғы трахеостомия; ең қауіпсіз және тез орындалатын әдіс

<variant> Төменгі трахеостомия; ең қауіпсіз

<variant> Ортаңғы трахеостомия; балаларда жиі қолданылады

<variant> Микротрахеостомия; негізгі хирургиялық трахеостомияны алмастырады

<variant> Коникотомия; қатаң қарсы көрсеткіш жоқ

<question> Жедел трахеотомия кезінде пациенттің дене қалпын дұрыс тандау өте маңызды, себебі ол кеңірдектің алдыңғы бетіне жақсы көріну мен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Трахеотомияны орындау үшін пациенттің ең дұрыс және физиологиялық тұрғыдан негізделген қалпы қандай, таңдаңыз:

<variant> Арқасымен жату, басы шалқайған, жауырын астына валик қойылған

<variant> Арқасымен жату, басы солға бұрылған, оң қолы төмен тартылған

<variant> Арқасымен жату, басы солға бұрылған, жауырын астына валик қойылған

<variant> Басы шалқайған жартылай отырған қалып

<variant> Оң немесе сол бүйірімен жатқан қалып

<question> Трахеяны ашу кезінде трахеостомиялық канюля енгізілгеннен кейін тыныс қалпына келмесе, қандай қателік жіберілген болуы мүмкін, таңдаңыз:

<variant> Кілегейлі қабықтың ашылмауы

<variant> Өңештің зақымдануы

<variant> Дауыс байламдарының зақымдануы

<variant> Трахеостома төмен салынған

<variant> Кері қайтатын көмей жүйкесінің зақымдануы

<question> Түйінді зоб бойынша операция кезінде қалқанша бездің бір бөлігіне резекция жасалды. Трахея мен өңеш арасындағы жүлгеде орналасқан тамырларды бөліп, байлау кезінде операциядан кейін науқаста дауыс қарлығы мен фонацияның қиындауы байқалды. Қалқанша бездің резекциясы кезінде қай жүйке зақымдалуы ең ықтимал, таңдаңыз:

<variant> Қайтарылған көмей жүйкесі

<variant> Симпатикалық бағана

<variant> Кезбе жүйке

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 60-ші беті

<variant> Диафрагмалық жүйке

<variant> Тіласты жүйкесі

<question> Сүт безінің капсуласы — бұл без паренхимасын қоршап, оны айналасындағы тіндерден бөліп тұратын тығыз дәнекер тіндік қабық. Ол алдыңғы кеуде қабырғасының белгілі бір фасциялық қабатының екіге жарылуынан түзіледі. Бұл құрылымның анатомиясын білу мастэктомия кезінде және ірінді немесе ісікті процестердің таралу ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды. Сүт безі капсуласы қандай анатомиялық құрылымнан түзіледі, таңдаңыз:

<variant>Өзіндік кеуде фасциясының беткей жапырақшасынан

<variant> Бұғана-кеуде фасциясынан

<variant> Беткей фасциясынан

<variant> Өзіндік кеуде фасциясының терең жапырақшасынан

<variant> Алдыңғы тісті бұлшықет фасциясынан

<question> Экссудативті плеврит кезінде сұйықтықтың жиналуы науқастың дене қалпына және плевра синустарының топографиясына байланысты болады. Плевра қуысындағы сұйықтықты диагностикалау үшін науқас тік тұрған жағдайда алдымен қай синуста сұйықтық жиналатынын білу маңызды. Плеврит кезінде экссудат ең алдымен қай плевра синусында жиналады, таңдаңыз:

<variant> Қабырға-диафрагмалық

<variant> Қабырға-орталық (медиастинальдық)

<variant> Орталық-диафрагмалық

<variant> Үлестер аралық

<variant> Плевра күмбезінде

<question> Диагностикалық плевра пункциясы кезінде дәрігер аз мөлшерде сұйықтық алады. Біраз уақыттан кейін науқаста ентікпе, кеудедегі ауырсыну және пункция жасалған жақта тыныс әлсіреуі байқалады. Рентген суретінде плевра қуысында ауа жиналғаны анықталады. Плевра пункциясының асқынуы ретінде пневмоторакс дамуына қандай жағдай себеп болуы мүмкін?

<variant> Өкпені инемен зақымдау

<variant> Диафрагманы инемен зақымдау

<variant> Ауаның пункциялық ине арқылы енуі

<variant> Пункцияны қабырғаның жоғарғы жиегінен жасау

<variant> Плевра қуысында сұйықтық болмаған кезде пункция жасау

<question> Шап аймағында жасалатын операцияларда хирург үшін шап өзегінің анатомиялық шекараларын нақты білу өте маңызды. Бұл өзек қабырғалары мен тамыр-нерв құрылымдарының зақымдануынан сақтайды. Шап өзегінің төменгі қабырғасын қандай анатомиялық құрылым түзеді, таңдаңыз:

<variant> Шап байламы

<variant> Ішкі қиғаш және көлденең бұлшықеттерінің төменгі жиектері

<variant> Айдаршық фасциясы

<variant> Париетальды ішперде

<variant> Іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің апоневрозы

<question> Науқасқа қиғаш шап жарығы диагнозы қойылған. Хирург жарық қақпасын жою және аурудың қайталануының алдын алу мақсатында шап өзегіне пластикалық операция жасайды. Шап өзегінің анатомиялық құрылысы мен жарықтың орналасу ерекшелігін ескере отырып, қиғаш шап жарығы кезінде қай қабырғаны бекіту ең маңызды болып табылады, таңдаңыз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 61-ші беті

<variant> Шап өзегінің артқы қабырғасы

<variant> Шап өзегінің жоғарғы қабырғасы

<variant> Шап өзегінің алдыңғы қабырғасы

<variant> Шап өзегінің төменгі қабырғасы

<variant> Шап өзегінің алдыңғы және төменгі қабырғалары

<question> Науқаста тік шап жарығы анықталды, бұл жағдайда жарық қапшығы шап өзегінің медиальды бөлігі арқылы шығады. Хирург шап өзегіне пластика жасау арқылы жарық қапшасын жою және қайталанудың алдын -алу мақсатын көздейді. Тік шап жарығында операцияның негізгі кезеңі — шап өзегінің қай қабырғасын күшейту болып табылады, тандаңыз:

<variant> Шап өзегінің артқы қабырғасы

<variant> Шап өзегінің жоғарғы қабырғасы

<variant> Шап өзегінің алдыңғы қабырғасы

<variant> Шап өзегінің төменгі қабырғасы

<variant> Шап өзегінің жоғарғы және төменгі қабырғалары

<question> Орта сызықтық лапаротомия кезінде хирург құрсақ қуысы ағзаларына жақсы қолжетімділікті қамтамасыз етуі, тіндердің жарақатын барынша азайтуы және кіндік аймағының қанмен қамтамасыз етілуін сақтау қажет. Кіндікті айналып өту тәсіліне ерекше назар аударылады, қай тәсілі орта сызықтық лапаротомия техникасының ерекшеліктерін дұрыс сипаттайды, маңызы:

<variant> Кіндікті сол жағынан айналып өтеді; тамырлардың зақымдалуын болдырмауға және терінің анатомиялық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді

<variant> Кіндікті оң жағынан айналып өтеді; тамырлардың зақымдалуын болдырмауға және терінің анатомиялық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді

<variant> Кіндікті бойлай тіліп өтеді; тамырлардың зақымдалуын болдырмауға

<variant> Кіндікті көлденең тіліп өтеді; маңызы жоқ

<variant> Қай жағынан айналып өтудің маңызы жоқ

<question> Бірқатар ауруларда қақпа венасында іркілу (қан тоқырауы) байқалады. Мұндай жағдайларда іштің алдыңғы қабырғасының кіндік аймағында теріасты веналарының кеңеюі тән. Бұл құбылысты түсіндіріңіз:

<variant> Porto-cavale анастомоздардың болуымен

<variant> Артерио-веноздық шунттардың болуымен

<variant> Cavo-cavale анастомоздардың болуымен

<variant> Лимфо-веноздық анастомоздардың болуымен

<variant> Артерио-веноздық және лимфо-веноздық анастомоздардың болуымен

<question> Құрсақ қуысы ағзаларының топографиясын талдағанда хирург олардың екі негізгі қабатта — жоғарғы және төменгі қабаттарда — орналасқанын ескеруі тиіс. Қай анатомиялық түзіліс құрсақ қуысын жоғарғы және төменгі қабаттарға бөледі, маңызы:

<variant> Көлденең тоқ ішектің шажырқайы; нақты бөлетін анатомиялық құрылым

<variant> Үлкен шарбы; құрсақ қуысын толық бөледі

<variant> Асқазан-тоқ ішек байламы; қабаттарға бөліну шекарасын анықтайды

<variant> Жіңішке ішектің шажырқайы; құрсақ қуысын толық бөледі

<variant> Көлденең тоқ ішек; маңызы жоқ

<question> Лапаротомия жасағанда хирург бауыр қапшығының анатомиялық шекараларын ескеруі қажет, бұл патологиялық процестердің таралуын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Бауыр қапшығының дұрыс анатомиялық шекараларын көрсетіңіз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 62-ші беті

<variant> Алдыңғы жағынан — бауырдың висцеральды беті, артында — кішкентай шажырқай және асқазан артқы қабырғасы, үстінен — диафрагма

<variant> Алдыңғы жағынан — диафрагма, артында — асқазан, төменгі жағында — көлденең тоқ ішек

<variant> Төменгі жағынан — үлкен шажырқай, алдыңғы жағынан — асқазан, артқы жағынан — ұйқы безі

<variant> Оң жағынан — көкбауыр, сол жағынан — оң бүйрек

<variant> Жоғары жағынан — асқазан-тоқ ішек байламы, төменгі жағынан — бауыр-асқазан байламы

<question> Асқазанға хирургиялық қол жеткізгенде, сұйықтықтың немесе қабыну процестерінің мүмкін таралуын дұрыс бағалау үшін асқазан алдындағы қапшықтың шекараларын білу маңызды. Асқазан алдындағы қапшықтың анатомиялық шекараларын көрсетіңіз:

<variant> Алдыңғы жағынан — асқазанның алдыңғы қабырғасы, артқы жағынан — бауыр қапшығы, үстінен — диафрагма

<variant> Алдыңғы жағынан — үлкен шажырқай, артқы жағынан — кішкентай шажырқай, үстінен — диафрагма

<variant> Алдыңғы жағынан — асқазан-тоқ ішек байламы, артқы жағынан — кішкентай шажырқай және порталды вена, төменнен — асқазанды бойлық осі

<variant> Алдыңғы жағынан — асқазанның алдыңғы қабырғасы, артқы жағынан — бауыр қапшығы және бауыр венозды жұлге, үстінен — диафрагма

<variant> Алдыңғы жағынан — диафрагма, артқы жағынан — ұйқы безі, төменнен — көлденең тоқ ішек

<question> Холецистэктомия кезінде өт қапшық артериясын Кало үшбұрышының негізінде анықтайды, оның бүйірлік жақтарын төменде көрсетілген анатомиялық құрылымдардың қайсысы құрайды, таңдаңыз:

<variant> Жалпы бауырлық жол және өт қапшық жол

<variant> Жалпы өт жолы және өт қапшық жол

<variant> Жалпы өт жолы және жалпы бауырлық жол

<variant> Өт қапшық жол және бауырдың өз артериясы

<variant> Оң бауырлық жол және бауырдың өз артериясы

<question> Жіңішке және жуан ішекке жасалатын операциялардың негізгі ерекшеліктері неден туындайды, қайсысы дұрыс, таңдаңыз:

<variant> Жуан ішек қабырғасында бұлшықет талшықтары біркелкі бөлінбеген

<variant> Жуан ішекте, анағұрлым инфицирленген құрылым бар жіңішке ішекке қарағанда

<variant> Жуан ішектің қабырғасы жіңішке ішектен қалың

<variant> Жуан ішектің қабырғасы жіңішке ішектен жұқа

<variant> Жіңішке ішекте анағұрлым инфицирленген құрылым бар, жуан ішекке қарағанда

<question> Іш қуысы мен құрсақ арты фасцияның арасында құрсақ арты кеңістігінде инфекция немесе гематома таралуы кезінде клиникалық маңызы бар құрылымдар орналасады. Бұл кеңістіктің дұрыс құрамын көрсетіңіз:

<variant> Құрсақ арты клеткалық қабат

<variant> Құрсақ арты лимфа түйіндері

<variant> Тоқ ішек айналасындағы клетчатка

<variant> Бауыр айналасындағы клетчатка

<variant> Құрсақ арты майлы капсула

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 63-ші беті

<question> Хирургиялық жол арқылы құрсақ арты кеңістігіне қол жеткізуді жоспарлағанда, өмірлік маңызды құрылымдарды зақымдамау үшін оның алдыңғы және артқы шекараларын ескеру маңызды. Құрсақ арты кеңістіктің алдыңғы және артқы шекараларын құрайтын анатомиялық құрылымдарды көрсетіңіз:

<variant> париетальды іш қуыстық қабық, Тольдт фасциясы

<variant> fascia endoabdominalis , fascia etroptectoralis

<variant> тольдт фасциясы, fascia endoabdominalis

<variant> париетальды іш қуыстық қабық, Тольдт фасциясы

<variant> fascia retroptectoralis, Тольдт фасциясы

<question> Беттің аймағында хирургиялық араласу кезінде бет артериясы мен бет венасын ажырата білу маңызды. Қай анатомиялық ерекшеліктер осы тамырларды қарап тексеру және операция кезінде ажыратуға мүмкіндік береді, таңдаңыз:

<variant> Артерия аттас нервпен бірге бір тамыр-нерв шоғырында жүреді

<variant> Артерияның бағыты ирек, ал вена — түзу бағытты

<variant> Артерияда венамен салыстырғанда көбірек қақпақшалар болады

<variant> Артерия венаға қарағанда үстірек орналасады

<variant> Венаның қабырғалары қалың және қаны ашық қызыл түсті

<question> Науқаста бас-ми жарақатынан кейін миы қысылу белгілерімен бірге төбе сүйегінің басылып сынуы анықталды. Осындай жағдайда ең негізделген хирургиялық тактика қандай, таңдаңыз:

<variant> Баспалы сүйек фрагменттерін орнына келтірумен қоса сүйек-пластикалық трепанация жасау

<variant> Неврологиялық белгілер болмаған жағдайда бақылау және консервативті ем

<variant> Сүйек ақауын қалпына келтірмей резекциялық трепанация жасау

<variant> Қатты ми қабығын ашпай сүйек сынықтарын орнына келтіру

<variant> Ми ісінуін азайту үшін дәрі-дәрмекпен және физиотерапиялық ем жүргізу

<question> Бас-ми жарақаттарында зақымданудың ашық немесе жабық түрін анықтау маңызды, себебі бұл инфекция қаупін және ем тактикасын айқындайды. Қай жағдай жарақатты бас терісінің ашық жарасы ретінде жіктеуге мүмкіндік береді, таңдаңыз:

<variant> Жұмсақ тіндердің жарасымен қатар қатты ми қабығының зақымдалуы

<variant> Апоневроз зақымдалмай, тек тері жамылғысының тұтастығының бұзылуы

<variant> Жұмсақ тіндер жараланбай, бас сүйегінің күмбез сүйектері сынуы

<variant> Тері қабатының тұтастығы сақталып, ми затының зақымдалуы

<variant> Сыртқы зақым белгілерінсіз ми шайқалуы

<question> Кронлайн–Брюсовтың бас ішіндегі топографиялық сызбасына сәйкес, мидың бөлімдерінің бас сүйегі бетіне проекциясын анықтау үшін бағыттаушы сызықтар жүргізіледі. Осы сызбадағы алдыңғы тік және төменгі көлденең сызықтардың қиылысу нүктесіне не сәйкес келеді?

<variant> Бүйір қарыншаның алдыңғы ұшының проекциясы

<variant> Мидың Сильвий жүлгенің проекциясы

<variant> Орталық жүлгенің проекциясы

<variant> Көру төмпешігінің (таламустың) проекциясы

<variant> Мишықтың проекциясы

<question> Неліктен бас сүйегінің күмбезі жарақаттанғанда, әсіресе төбе сүйегі аймағында, сыртқы қатпарлы пластинкаға қарағанда ішкі қатпарлы (компактты) пластинка жиі зақымдалады?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 64-ші беті

<variant> Ішкі пластинка жұқалау әрі морт келеді

<variant> Губкалы (диплоэтикалық) қабаттың соққыны сіңіретін қасиетінің арқасында сыртқы пластинка соққы энергиясының бір бөлігін қабылдайды

<variant> Сыртқы пластинкаға әсер «қысылу «түрінде, ал ішкі пластинкаға —« созылу «түрінде беріледі

<variant> Сыртқы пластинканың қан тамырлары торы жақсы дамыған, бұл оның серпімділігін арттырады

<variant> Ішкі пластинка қатты ми қабығына бекітілген және соққы кезінде аз қозғалады

<question> Кіші жамбас аймағында хирургиялық араласулар мен қабыну үрдістерінің таралуы кезінде негізгі клетчаткалы кеңістіктердің орналасуын білу маңызды. Олар қандай анатомиялық деңгейдің шегінде орналасады?

<variant> Кұрсакасты (субперитонеальды) жамбас қабатының деңгейінде

<variant> Кұрсақішілік (перитонеальды) жамбас қабатының деңгейінде

<variant> Териасты жамбас қабатының деңгейінде

<variant> Жамбас түбінің бұлшықетаралық кеңістігінде

<variant> Ішперде ішілік (ретровезикальды) кеңістікте

<question> Несеп-жыныс диафрагмасы — бұл кіші жамбас асты тесігін жауып тұратын және несеп-жыныс жүйесі ағзаларын ұстап тұруға қатысатын бұлшықет-фасциялы құрылым. Ол қандай бұлшықеттерден түзіледі?

<variant> Аралықтың (perineum) терең көлденең бұлшықеті мен несеп шығару өзегінің сфинктері

<variant> Құйымшақ бұлшықеті мен артқы тесікті көтеретін бұлшықет

<variant> Құйымшақ бұлшықеті мен отырғыш-үңгірлі бұлшықет

<variant> Аралықтың (perineum) беткей көлденең бұлшықеті мен пиязша-еріндік бұлшықет

<variant> Қасаға-құйымшақ және мықын-құйымшақ бұлшықеттері

<question> Ер адамдардың кіші жамбас ағзаларының топографиясын зерттеу кезінде қуық асты безінің көрші құрылымдармен анатомиялық қатынасын білу маңызды. Ол қуыққа қатысты қалай орналасқан, таңдаңыз:

<variant> Төменгі жағында (қуықтың астында)

<variant> Қуықтың алдында

<variant> Артқы жағында

<variant> Жоғарғы жағында

<variant> Қуық пен тік ішектің арасында

<question> Саусақ арқылы тік ішекті зерттеу — урология мен проктологияда маңызды диагностикалық әдіс. Ер адамдарда бұл әдіс ең алдымен қай мүше немесе анатомиялық құрылымның жағдайын бағалау мақсатында жүргізіледі?

<variant> Қуықасты безі

<variant> Қуық

<variant> Несепағарлар

<variant> Алдыңғы сегізкөз лимфа түйіндері

<variant> Ұрық көпіршіктері

<question> Тік ішектің топографиялық анатомиясын зерттеу кезінде оның ішперде арқылы қапталу ерекшеліктерін білу маңызды, себебі бұл операциялық араласулар мен қабыну үрдістерінің таралуында үлкен рөл атқарады. Тік ішектің жоғарғы (надампулярлық) бөлігі ішпердемен қалай қапталған?

<variant> Барлық жағынан (интраперитонеальды)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 65-ші беті

<variant> Үш жағынан (мезоперитонеальды)

<variant> Тек алдыңғы жағынан (ретроперитонеальды)

<variant>Тек артқы жағынан

<variant> Ішпердемен мүлде қапталмаған

<question>Пациентке орбиталық жарақаттан кейін хирургиялық араласу қажет. Көзасты тесігін анықтау және көзасты жүйке зақымдамау үшін оның проекциясын білу маңызды. Көзасты тесігі төменгі көз шарасы жиегінің қай нүктесіне проекцияланады, таңдаңыз:

<variant> Төменгі көз шарасы жиегінің ортасынан 1,0 см төмен

<variant> Төменгі көз шарасы жиегінің ортасынан 0,5 см төмен

<variant> Төменгі көз шарасы жиегінің ортасынан 2,0 см төмен

<variant> Төменгі көз шарасы жиегінің ортасынан 3,0 см төмен

<variant> Төменгі көз шарасы жиегінің ортасынан 1,5 см төмен

<question>Пациентке бетке хирургиялық араласу қажет болған жағдайда көзасты тесігін анықтау маңызды. Бұл тесіктің сыртқы есту жолынан орналасқан қашықтығын дұрыс бағалау нерв пен тамырларды зақымдамау үшін қажет. Көзасты тесігі сыртқы есту жолынан қанша төмен орналасады, таңдаңыз:

<variant> 1,5 – 2 см төмен

<variant> 3 – 4 см төмен

<variant> 4 – 5 см төмен

<variant> 6 – 7 см төмен

<variant> 0,5 – 1 см төмен

<question>Бет аймағында қабыну үрдістерін немесе жарақаттарды зерттегенде терең орналасқан клетчаткааралық аралықтарды білу маңызды. Беттің терең бөлігінде қанша аралық (фасцияаралық кеңістік) бар, таңдаңыз:

<variant> 3 аралық

<variant> 5 аралық

<variant> 2 аралық

<variant> 4 аралық

<variant> 6 аралық

<question>Мойын аймағында хирургиялық араласу кезінде ұйқы төбешігін (tuberculum caroticum) анықтау маңызды, қай мойын омыртқасының көлденең өсіндісінде ұйқы төбешігі орналасады және маңызы:

<variant> VI мойын омыртқасының ; каротид артериясының орналасуын көрсетеді

<variant> II мойын омыртқасының ; каротид артериясының орналасуын көрсетеді

<variant> IV мойын омыртқасының ;маңызы жоқ

<variant> V мойын омыртқасының; нерв түйіндері мен бұлшықеттердің иннервациясына қатысады

<variant> VII мойын омыртқасының ; бұлшықет бекітулері бар

<question>Пациентте мойын аймағына хирургиялық араласу жоспарлануда. Мойын алдыңғы бұлшықеттерін қоршап тұрған шандырларды білу маңызды, қай шандыр алдыңғы бұлшықеттерге қаптама құрайды, маңызы:

<variant> I – шандыр; хирургиялық араласу кезінде тамырлар мен нервтердің орналасуын көрсететін маңызды ориентир

<variant> III – шандыр; кейбір тамырлық және нерв жүйелерінің өтетін жолын бөліп көрсетеді

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 66-ші беті

- <variant> II – шандыр; алдыңғы және артқы бұлшықеттердің қозғалысын қамтамасыз етеді
- <variant> IV – шандыр; кейбір тамырлық және нерв жүйелерінің өтетін жолын бөліп көрсетеді
- <variant> V – шандыр; бұлшықеттердің бекіту нүктесі ретінде қызмет етеді

<question>Пациентте көз жасының ағып кету бұзылысы байқалды, хирургиялық емдеуді жоспарлау үшін көз жасы-мұрын өзегінің (ductus nasolacrimalis) табиғи ашылу орнын білу маңызды. Бұл өзек қай жерде ашылады, таңдаңыз:

- <variant> Төменгі мұрын жолына
- <variant> Жоғарғы мұрын жолына
- <variant> Ортаңғы мұрын жолына
- <variant> Көз жасы қапшығына
- <variant> Евстахийев түтігінің сағасына

<question>Тік ішектің топографиялық ерекшеліктерін талдау кезінде оның ішперде қапталу сипатын білу маңызды, өйткені бұл хирургиялық араласулар мен патологиялық үрдістердің таралуында үлкен мәнге ие. Тік ішектің ампуласы қай бөлігінде ішпердемен қапталған?

- <variant> Тек алдыңғы жағынан (ретроперитонеальды)
- <variant> Үш жағынан (мезоперитонеальды)
- <variant> Барлық жағынан (интраперитонеальды)
- <variant> Тек артқы жағынан
- <variant> Мүлдем ішпердемен қапталмаған

<question>Тік ішектің топографиялық ерекшеліктерін талдау кезінде оның ішпердемен қапталу сипатын білу маңызды, өйткені бұл хирургиялық араласулар мен патологиялық үрдістердің таралуында үлкен мәнге ие. Тік ішектің ампуласы қай бөлігінде бөлігінде ішпердемен қапталған?

- <variant> Тек алдыңғы жағынан (ретроперитонеальды)
- <variant> Барлық жағынан (интраперитонеальды)
- <variant> Үш жағынан (мезоперитонеальды)
- <variant> Тек артқы жағынан
- <variant> Мүлдем ішпердемен қапталмаған

<question>Жатыр безі (аналық без) жамбас қуысының ішінде орналасып, бірнеше байламдар арқылы бекітіледі. Аналық без жатырдың кең байламына қай жерде бекінеді?

- <variant> Жатырдың кең байламының алдыңғы бетінде, жамбас қабырғасы жанында
- <variant> Жатырдың кең байламының артқы бетінде, жатыр жиегі маңында
- <variant> Жатырдың кең байламының алдыңғы бетінде, жатыр жиегі маңында
- <variant> Жатырдың кең байламының артқы бетінде, жамбас қабырғасы жанында
- <variant> Жатыр түтігі деңгейінде, кең байлам қалыңдығының ішінде

<question> Қолтықтың тамыр-жүйке шоғырын ашу кезінде хирург ірі тамырлар мен жүйкелердің зақымдануын болдырмау үшін олардың орналасу ретін нақты білуі қажет. Егер хирург қолтық аймағының алдыңғы жиегі бойымен тілік жасаса, ол бірінші болып қай анатомиялық құрылыммен кездеседі?

- <variant> Қолтық венасы
- <variant> Қолтық артериясы
- <variant> Иық өрімі
- <variant> Ұзын кеуде жүйкесі
- <variant> Бұғанаасты артериясы

<question> Иық артериясын иықтың жоғарғы үштен бір бөлігінде байлау кезінде хирург қолдың төменгі бөлімдерінің қанмен қамтамасыз етілуін сақтайтын коллатеральдық қан айналымын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 67-ші беті

ескеруі қажет. Қай деңгейде иық артериясын байлау қолдың дистальды бөлімдерінің қанмен қамтамасыз етілуін сақтау тұрғысынан неғұрлым қолайлы?

<variant> Иықтың терең артериясы тармақталғаннан кейін

<variant> Иықтың терең артериясы тармақталуына дейін

<variant> Екі деңгейде де байлау бірдей мүмкін

<variant> Иықтың терең артериясы шыққан деңгейде

<variant> Иықтың төменгі үштен бір бөлігінде, барлық тармақтардан төмен

<question> Науқаста иық сүйегінің хирургиялық мойны деңгейінде сынуы анықталып, сыну аймағында ауқымды гематома түзілген. Қан кету мен асқынулар қаупін дұрыс бағалау үшін дәрігер мұндай жарақаттар кезінде қай тамыр жиі зақымдалатынын білуі керек. Бұл жағдайда ең ықтимал зақымдалған тамыр қайсысы?

<variant> Иық сүйегін артқы жағынан айналып өтетін артерия

<variant> Иық сүйегін коректендіретін артерия

<variant> Терең иық артериясы

<variant> Иық артериясы

<variant> Иық сүйегін алдыңғы жағынан айналып өтетін артерия

<question> Саусақтар мен қолдың алақан бетінде болатын қабыну үрдістері көбінесе қолдың арқа бетінде айқын ісінумен бірге жүреді. Дұрыс диагноз қою және емдеу жоспарын жасау үшін оның таралу механизмін білу маңызды. Алақан жағындағы зақымдану кезінде ісінудің қолдың арқа бетінде пайда болуының негізгі себебі не?

<variant> Алақан мен арқа фасциялық клетчаткааралық кеңістіктерінің анатомиялық байланысы

<variant> Ісінудің фасцияаралық клетчаткааралық саңылаулар арқылы таралуы

<variant> Қолдың арқа бетінде үстіңгі веналардың басым орналасуы

<variant> Лимфатикалық тамырлардың негізгі массасының арқа бетіне өтуі

<variant> Бүккіш сіңірлердің тамыр-жүйке шоғырына қысым жасауы

<question> Қалқанша безге төменгі полюс деңгейінде резекция жасалып жатыр. Хирург безді төменгі жағынан ажыратқанда, қалқанша бездің ең төменгі артериясы аймағындағы қан тамырларын сақтықпен бөліп шығуы керек. Бұл артерия көбінесе қай кеңістікте өтеді?

<variant> III фасциядан бұрын

<variant> Трахеаалды кеңістік

<variant> Мойын терісінде

<variant> I және II фасциялардың арасында

<variant> II фасциядан бұрын

<question> Травматикалық жағдайларда пациенттің құлағынан қан кету байқалады. Бұл симптом көбінесе қай сүйек сынған кезде пайда болады және қандай анатомиялық құрылымдардың зақымдануымен байланысты?

<variant> Самай сүйектің тасты бөлігі – құлақ каналдары мен ортаңғы құлақ құрылымдарына жақын орналасуы себепті

<variant> Желке сүйек – омыртқа және артқы миға жақын орналасқанына байланысты

<variant> Төбе сүйек – ми қыртысы мен қан тамырларына әсерінен

<variant> Қанат тәрізді сүйек – көз және мұрын қуыстарының жарақатына байланысты

<variant> Торлы сүйек – иық қуысының зақымдануымен байланысты

<question> Пациенттің көз қарашығының реакциясын тексеру кезінде оның тарылмауы байқалады. Бұл жағдайда қандай жүйке зақымдануы көз қарашығын тарылтатын бұлшықеттің қызметіне тікелей әсер етеді, таңдаңыз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 68-ші беті

<variant> Көз қозғалтқыш жүйке

<variant> Әкетуші нерв

<variant> Бет нерві

<variant> Көру нерві

<variant> Үшкіл жүйке

<question> Пациенттің бет сезімін тексеру кезінде жоғарғы жақ аймағында сезім бұзылысы байқалды. Бұл аймаққа сенсорлық талшықтар өткізілетін жүйке және қай тесік арқылы өтеді, таңдаңыз:

<variant> Жоғарғы жақ нерв (N.maxillaris) – дөңгелек тесік арқылы өтеді

<variant> Үшкіл нерв бағаны (N. trigeminus) – бас сүйектің кеңірек каналы арқылы өтеді

<variant> Төменгі жақ нерві (N. mandibularis) – овалды тесік арқылы өтеді

<variant> Иіс сезу жүйкесі (N.olfactorius) – жоғарғы мұрын қуысы арқылы өтеді

<variant> Шығыршық нерві (N. trochlearis) – жоғарғы көз қуысы арқылы өтеді

<question> Науқаста гайморов (жоғарғы жақ) синусында қабыну белгілері байқалды. Синусқа дренаж жасау кезінде оның ашылатын жерін білу маңызды. Гайморов (жоғарғы жақ) синусы қай жолға ашылады, таңдаңыз:

<variant> Ортаңғы мұрын жолы

<variant> Төменгі мұрын жолы

<variant> Жоғарғы мұрын жолы

<variant> Евстахий түтігінің аузы

<variant> Ауыз қуысы арқылы

<question> Несеп ағару жолында әртүрлі анатомиялық тарылулар (constrictiones ureteris) бар, оларды білу урологиялық патологияларда маңызды, несептардың қанша анатомиялық тарылуы бар және маңызы:

<variant> 3;тастар мен обструкцияларда клиникалық маңызды

<variant> 1 ;тастарда клиникалық маңызды

<variant> 2; тастар мен обструкцияларда клиникалық маңызды

<variant> 4; обструкцияларда клиникалық маңызды

<variant> 5;маңызы жоқ

<question> Мойын ағзаларының топографиялық анатомиясын зерттеу кезінде кеңірдек пен өңештің өзара орналасуын білу маңызды, себебі бұл интубация, эзофагоскопия және мойын аймағындағы операциялар кезінде клиникалық мәнге ие. Өңеш мойын шегінде кеңірдекке қатысты қалай орналасқан, таңдаңыз:

<variant> Ортаңғы сызықтан сәл солға ығысқан

<variant> Ортаңғы сызық бойында, кеңірдектің артқы қабырғасына тығыз жанасып жатады

<variant> Ортаңғы сызықтан сәл оңға ығысқан

<variant> Кеңірдектен сәл алшақ, олардың арасында фасциялық кеңістік түзіледі

<variant> Кеуде бөлігіне ауысу кезінде кеңірдекті алдыңғы жағынан қиғаш кесіп өтеді

<question> Баспалдақ-омыртқа үшбұрышы (trigonum scalenovertbrale) — мойынның терең аймағында орналасқан маңызды анатомиялық түзіліс. Осы үшбұрыштың медиальды шекарасын қандай құрылым құрайды,маңызы:

<variant> Ұзын мойын бұлшықеті (m. longus colli); бұғанаасты артериясы мен иық өрімінің түбірлері өтеді

<variant> Алдыңғы баспалдақ бұлшықеті (m. scalenus anterior) ;оның алдынан бұғанаасты венасы, артынан бұғанаасты артериясы өтеді

<variant> Ортаңғы баспалдақ бұлшықеті (m. scalenus medius) оның алдынан иық өрімінің жүйке

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 69-ші беті

түбірлері өтеді

<variant> Омыртқа артериясы мен жүйкелер шоғыры; омыртқа артериясы мойын арқылы миға қан жеткізеді

<variant> Плевра күмбезі (cupula pleurae); маңызы жоқ

<question> Қанат тәрізді-жақтық кеңістік флегмонасын сыртқы хирургиялық жолмен ашқанда қандай анатомиялық қауіп бар, қандай құрылым зақымдалуы мүмкін?

<variant> Төменгі жақ нерв

<variant> Бет венасы мен артериясы

<variant> Қанат тәрізді бұлшықеті

<variant> Ішкі мойындырық тамырлық шоғыры

<variant> Бет терісі мен жұмсақ тіндері

<question> Науқаста бас миына соққыдан кейін, бассүйекішілік қысымын төмендету және өмірге қауіп төндіруді болдырмау мақсатында декомпрессиялық трепанация жоспарлануда. Анатомиялық белгілерді ескере отырып, декомпрессиялық трепанация әдетте бассүйектің қай аймағында жүргізіледі?

<variant> Самай аймағында

<variant> Зақымдалған ошақтың дәл үстінде

<variant> Сагиттальды синус проекциясында

<variant> Төбе аймағында

<variant> Шүйде аймағында

<question> Емізікше өсіндіде трепанация жасағанда қандай қатты ми қабығы синусы зақымдалуы мүмкін, таңдаңыз:

<variant> Сигма тәрізді қойнау синус

<variant> Сагиттальды жоғарғы синус

<variant> Тікелей синус

<variant> Жүрекше синус

<variant> Жаңғақ синус

<question> Мойын және басқа хирургиялық араласулар кезінде оң жақ жалпы ұйқы артериясының шығу орнын дұрыс анықтау маңызды. Бұл артерия қайдан басталады және оның орналасуы қандай тамырлық құрылымдарға қатысты?

<variant> Иық–бас сабауынан, бұғанаасты және сол жақ ұйқы артериясымен байланысты

<variant> Қолқа доғасынан, медиастинада, сол жаққа қарағанда қысқа траекторияда

<variant> Төмен түсетін қолқадан, тек сол жақ жағында ғана байқалады

<variant> Көтерілетін қолқадан, жоғарғы медиастинада

<variant> Оң жақ бұғанаасты артериядан, иық–бас сабауы тармағы ретінде

<question> Ұйқы үшбұрышының негізгі қан тамыр–жүйке шоғырының алдыңғы жағынан хирургиялық араласуларда ерекше назар аударуды талап ететін қай нерв өтеді, таңдаңыз:

<variant> XII жұптың төмендейтін тармағы (n. hypoglossus)

<variant> Диафрагмалық жүйке (n. phrenicus)

<variant> Рефлексиялық жүйке (n. reflexus)

<variant> Жоғарғы көмей жүйкесі (n. laryngeus superior)

<variant> Мойынның симпатикалық бағана (truncus sympathicus)

<question> Қалқанша безінің тақ (ортаңғы) артериясының (a. thyroidea media) шығу орнын анықтаңыз, бұл артерия хирургиялық араласуларда қан кетуді болдырмау үшін маңызды:

<variant> Төменгі қалқанша артериядан (a. thyroidea inferior)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 70-ші беті

<variant> Қолқа доғасынан (arcus aortae)

<variant> Ішкі ұйқы артериясынан (a. carotis interna)

<variant> Бұғанаасты артериядан (a. subclavia)

<variant> Сыртқы ұйқы артериясынан (a. carotis externa)

<question> Қауіпсіз хирургиялық қол жеткізуді қамтамасыз ету және бет жүйкесін зақымдамау үшін құлақ маңы сілекей безінің протогын (ductus parotideus) анықтауда қандай анатомиялық ориентирлерді қолданады, таңдаңыз:

<variant> Жақ-бет сызығы және шайнау бұлшықеттің алдыңғы жиегі

<variant> Төменгі жақ және иек төмпешігі

<variant> Шүйде сүйек және құлақ қалқаны

<variant> Көз қасағы буыны және қасаң жиегі

<variant> Тіл байламасы және тіл асты сүйегі

<question> Мойын симпатикалық жүйесінің ортаңғы (ganglion cervicale medium) симпатикалық түйіні қай мойын омыртқасының деңгейінде орналасады, және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> V мойын омыртқасы – мойын тамырлар шоғырының артында орналасқан

<variant> VI мойын омыртқасы – омыртқааралық кеңістікте, диафрагмалық нервпен жақын байланыста

<variant> IV мойын омыртқасы – жоғарғы мойын түйіндерімен қосылады

<variant> III мойын омыртқасы – жоғарғы симпатикалық түйіндерге қосылады

<variant> VII мойын омыртқасы – төменгі симпатикалық түйінмен жалғасады

<question> Науқақта қант диабеті бар. Инъекциядан кейін иек аймақта флегмона дамып, ол санның артқы фасциялық алаңына дейін таралған. Инфекцияның таралу жолы қандай, таңдаңыз:

<variant> Фасциялық қабаттар арасымен

<variant> Терінің астымен

<variant> Бұлшықет талшықтары арқылы

<variant> Сүйек каналдары арқылы

<variant> Лимфа түйіндері арқылы

<question> Науқақта санның артқы аймағында сезімталдық төмендеуі байқалды. Бұл симптом санның артқы тері жүйкесі зақымданғанын көрсетеді деп болжанса, бұл нервтің иннервациясын және шығу тегін

төмендегілердің қайсысы дұрыс сипаттайды?

<variant> Санның артқы терісін, отырғыш нервтің тармағы

<variant> Санның артқы терісін, сан нервтің тармағы

<variant> Санның алдыңғы терісін, отырғыш нервтің тармағы

<variant> Санның бүйірлік терісін, санның латеральды тері нерві

<variant> Сан мен табанның терісін, ұзын табан нервтің тармағы

<question> Хирург мойын аймағында операция жасап жатқанда, мойынның алдыңғы-бүйір бетінде теріні жансыздандыру кезінде мойынның көлденең нервін (n. transversus colli) табу қажет. Бұл нерв қай құрылымнан бастау алады, таңдаңыз:

<variant> Мойын өрімінен

<variant> Иық өрімінен

<variant> Диафрагмалық нервтен

<variant> Қайтармалы көмей нервтен

<variant> Кезбе нервтен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 71-ші беті

<question>Ұйқы үшбұрышы аймағында хирург жалпы ұйқы артериясы мен ішкі мойындырық венасын ажыратып, қан кету көзін іздеп жатыр. Осы аймақта кезбе нерв қай анатомиялық кеңістікте орналасады және тамырлармен қандай кеңістіктік қатынаста болады?

<variant> Ұйқы артериясы мен ішкі мойындырық венасы арасындағы және олардың артында орналасқан

<variant> Артерияның қынабының ішінде, бірақ медиальды бетінде өтеді

<variant> Артериядан тыс, мойын фасциясының артында өтеді

<variant> Тамыр қабырғасының ішінде орналасқан

<variant> Ішкі мойындырық венасының латеральды алдыңғы бетінде өтеді

<question>Науқаста жүріс кезінде паралитикалық ілініп тұрған «аттың» табаны байқалады. Бұл жағдайдың ең ықтимал себебі қандай нервтің зақымдануы болып табылады, таңдаңыз:

<variant> Жалпы ұсақ етік жүйкесі (n. peroneus communis)

<variant> Сан жүйкесі (n. femoralis)

<variant> Тізе артындағы нерв (n. tibialis)

<variant> Оттырғыш нерв (n. ischiadicus)

<variant> Санның теріасты нерві (n. cutaneus femoris posterior)

<question>Ішкі (терең) саңылау — жамбас каналының маңызды анатомиялық құрылымы болып табылады, ол тамырлық арқылы жамбас каналының элементтері өтеді. Ішкі саңылауды шектейтін дұрыс анатомиялық құрылымдарды көрсетіңіз:

<variant> латеральды — сан көктамыры, медиальды — лакунарлы байлам, алды — шап байламы, артқы — мықын-бел фасциясы

<variant> Латеральды — сан венасы, медиальды — шап байлам, алды — шонданай сүйектің айдаршығы, артқы — мықын-бел фасциясы

<variant> Латеральды — сан артериясы, медиальды — шонданай сүйектің айдаршығы, алды — шап байлам, артқы — мықын-бел фасциясы

<variant> Латеральды — сан артериясы, медиальды — шонданай сүйектің айдаршығы, алды — мықын-бел фасциясы, артқы — шап байлам

<variant> Латеральды — сан венасы, медиальды — сан артериясы, алды — лакунарлық байлам, артқы — мықын-бел фасциясы

<question>Омыртқаға қатысты, сол бүйрек орналасуы әртүрлі факторларға байланысты сәл ауытқуы мүмкін. Сол бүйрек жоғарғы және төменгі полюстерімен сәйкес келетін омыртқа деңгейін, сонымен қатар XI–XII қабырғалармен қатынасын ескере отырып анықтаңыз:

<variant> Жоғарғы полюсі — XI қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L2 омыртқасында; бүйрек тыныс алу кезінде 2–3 см төмен қозғалады

<variant> Жоғарғы полюсі — XII қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L2 омыртқасында; орташа ұзындығы 12 см

<variant> Жоғарғы полюсі — XI қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L3 омыртқасында; бүйрек төменгі жағынан жеңіл қозғалады

<variant> Жоғарғы полюсі — XII қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L3 омыртқасында; бүйрек оң жаққа қарағанда сәл жоғары орналасады

<variant> Жоғарғы полюсі — XII қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L2–L3 омыртқалары аралығында; бүйректің жоғарғы полюсі XI қабырға деңгейіне де жетуі мүмкін

<question>Омыртқаға қатысты, оң бүйректің орналасуы әртүрлі факторларға байланысты сәл ауытқуы мүмкін. Оның жоғарғы және төменгі полюстерінің деңгейін, сондай-ақ XII қабырға және I–III бел омыртқалары арасындағы қатынасын ескере отырып анықтаңыз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 72-ші беті

<variant> Жоғарғы полюсі — T12 омыртқасы деңгейінде, төменгі полюсі — L3 омыртқасында; бүйрек тыныс алу кезінде 2–3 см төмен қозғалады

<variant> Жоғарғы полюсі — XII қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L3 омыртқасында; оң бүйрек солға қарағанда сәл төмен орналасады

<variant> Жоғарғы полюсі — XII қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L2 омыртқасында; бүйрек оңға қарай сәл жоғары орналасады

<variant> Жоғарғы полюсі — XI қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L2 омыртқасында; орташа ұзындығы 11–12 см

<variant> Жоғарғы полюсі — XI қабырға деңгейінде, төменгі полюсі — L2–L3 омыртқалары аралығында; тыныс алу кезінде бүйрек 1–2 см қозғала алады

<question>Сол бүйректің алдыңғы бетіне бірнеше ағзалар орналасқан. Алдыңғы бетіне анатомиялық түрде жақын орналасқан ағзалардың дұрыс жиынтығын көрсетіңіз:

<variant> Асқазан, ұйқы безі, жіңішке ішектің ілмектері және төмендейтін тоқ ішек

<variant> Асқазан, ұйқы безі, көк бауыр, жіңішке ішектің ілмектері

<variant> Бауыр, он екі елі ішек, көтерілуші тоқ ішек, көк бауыр

<variant> Бауыр, өт қабы, жіңішке ішек, төмендеуші тоқ ішек

<variant> Көк бауыр, он екі елі ішек, бауыр, жіңішке ішек

<question>Бүйрек артериялары ішкі аортадан шығады. Олардың шығу деңгейін және қосымша анатомиялық бағдарларды көрсетіңіз:

<variant> Ішкі аортадан L1–L2 омыртқаралық дискі деңгейінде шығады, оң жақта төменгі қуыс вена артынан өтеді, сол жақта — еркін

<variant> Ішкі аортадан T12–L1 деңгейінде шығады, оң жақта төменгі қуыс вена алдында өтеді, сол жақта — көкбауыр артынан

<variant> Ішкі аортадан L2–L3 деңгейінде шығады, екі жақта да омыртқа алдында өтеді

<variant> Ішкі аортадан L1–L2 деңгейінде шығады, оң жақта төменгі қуыс вена алдында өтеді, сол жақта — көкбауыр мен ұйқы безі артынан

<variant> Ішкі аортадан L3–L4 деңгейінде шығады, екі жақта да симметриялы түрде бүйрек артынан өтеді

<question>Төменгі қуыс венасына бірнеше ағзадан веноздық қан ағады. Ал төменгі қуыс венасына анатомиялық түрде құятын ағзалардың дұрыс жиынтығын көрсетіңіз:

<variant> Бауыр, бүйрек, бүйрекүсті бездері

<variant> Бауыр, бүйрек, жүрек

<variant> Бүйрек, бүйрекүсті бездері, диафрагма

<variant> Бауыр, көкбауыр, жіңішке ішек

<variant> Бүйрек, ұйқы безі, бауыр

<question>Қакпалық венаға бірнеше ас қорыту жүйесінің ағзаларынан веноздық қан ағады. Қакпалық венаға анатомиялық түрде құятын ағзалардың дұрыс жиынтығын көрсетіңіз:

<variant> Асқазан, жіңішке ішек, тоқ ішек, ұйқы безі және көкбауыр

<variant> Бауыр, бүйрек, асқазан, жіңішке ішек, ұйқы безі

<variant> Асқазан, жіңішке ішек, тоқ ішек, бауыр, жүрек

<variant> Көкбауыр, ұйқы безі, бүйрек, жіңішке ішек, диафрагма

<variant> Асқазан, бауыр, ұйқы безі, шажырқай, төменгі қуыс вена

<question>Тотальды ваготомия кезінде кезбе нервтің қандай бөлімдері кесілетініне сәйкес дұрыс нұсқаны таңдаңыз:

<variant> Сол және оң жақ кезбе нервтердің бағанын диафрагма астында бірден кесу

<variant> Сол жақ кезбе нервтің бағанын диафрагма деңгейінде кесу

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 73-ші беті

<variant> Сол жақ кезбе нервтің бағанын диафрагма астында кесу

<variant> Сол жақ кезбе нервтің бағанын бауырға баратын тармақ шыққаннан кейін кесу

<variant> Сол жақ кезбе нервтің асқазанның денесіне баратын тармақтарын кесу

<question>Селективті ваготомия кезінде блуждающий нервтің қай бөліктері кесілетініне сәйкес дұрыс нұсқаны көрсетіңіз:

<variant> Сол жақ кезбе нервтің асқазан денесіне баратын тармақтарын кесу

<variant> Сол жақ кезбе нервтің бағанын бауырға баратын тармақ шыққаннан кейін кесу

<variant> Сол жақ кезбе нервтің асқазан түбі мен денесіне баратын тармақтарын кесу

<variant> Кезбе нервтің бағанын бауырға баратын тармақ шықпас бұрын кесу

<variant> Сол жақ кезбе нервтің асқазан денесіне баратын тармақтарын кесу

<question>Құлақ маңы сілекей безінің протогы ауыз қуысына ашылады. Оның ашылу орнының анатомиялық белгісі қандай, әсіресе жоғарғы моляр тістердің орналасуына қатысты?

<variant> Жоғарғы 2 моляр тістің деңгейінде

<variant> Жоғарғы 1 және 2 моляр тістердің аралығында

<variant> Төменгі 1 және 2 моляр тістердің аралығында

<variant> Төменгі 2 моляр тістің деңгейінде

<variant> Жоғарғы 2 және төменгі 2 моляр тістердің деңгейінде

<question>Жоғарғы және төменгі ерін артерияларының орналасуы олардың анатомиялық жолын, қоршаған бұлшықет және фасциальды құрылымдарды ескере отырып сипатталған. Осы артериялардың нақты орналасқан қабатын көрсетіңіз:

<variant> Бұлшықеттердің қалыңдығында

<variant> Терінің астындағы майлы қабатта

<variant> Субмукоза

<variant> Өзіндік фасция астында

<variant> Терінің қалыңдығында

<question>Төсбұғана-еміздік бұлшықетінің (m. sternocleidomastoideus) алдыңғы бетін кесіп өтетін вена қайсысы? Осы венаның клиникалық маңызын ескеріп таңдаңыз:

<variant> Сыртқы мойындырық венасы; беткей жарақаттарында жиі зақымдануы мүмкін

<variant> Алдыңғы мойындырық венасы; трахеяға немесе мойынның ортанғы аймағына жасалатын операцияларда зақымдануы мүмкін

<variant> Ішкі мойындырық венасы ; тыныс алу жолын ашу кезінде анатомиялық қауіпсіздік үшін білу маңызды

<variant> Жақасты вена ; айқын клиникалық рөлі жоқ

<variant> Мойынның беткей алдыңғы венасы; тұрақты анатомиялық маркер емес

<question>Жақасты үшбұрышы арқылы өтетін негізгі анатомиялық элементті таңдаңыз, клиникалық маңызын ескеріңіз:

<variant> Тіл асты нерві; хирургиялық операцияларда зақымданса, тілдің қозғалысы бұзылып, сөйлеу мен жұту қиындықтары пайда болуы мүмкін

<variant> Бет нерві ; бет аймағына жасалатын операцияларда зақымдануы бет бұлшықеттерінің салдануына әкелуі мүмкін

<variant> Құлақманы сілекей безінің түтігі; құлақманы сілекей безін хирургиялық жолмен ашқанда зақымдануы мүмкін

<variant> Бет артериясы және нерв; қан кетуді бақылауда операцияларда маңызды,

<variant> Жоғарғы жақ артериясы; жоғарғы жақ сүйек аймағына жасалатын хирургиялық операцияларда маңызды

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 74-ші беті

Жауырын – трапеция үшбұрышы (trigonum omotrapezoideum) — мойынның артқы бөлігінде орналасқан, бұл аймақ арқылы бірнеше маңызды анатомиялық шандырлар өтеді. Алайда, көрсетілген шандырлардың қайсысы бұл үшбұрышта жоқ екенін анықтаңыз:

- I**
- IV**
- II**
- III**
- V**

Жақасты үшбұрышы — мойынның алдыңғы бөлігінде орналасқан маңызды анатомиялық аймақ. Осы аймақ арқылы өтетін шандырларды ескере отырып, қайсысы нақты жақасты үшбұрышта орналасатынын таңдаңыз:

- III шандыр**
- Құлақ-шайнау саңылауы**
- I шандыр**
- IV шандыр**
- V шандыр**

Өңештің сыртқы жағын ашуда анатомиялық ориентирлерді және операция қауіпсіздігін ескеріп, хирургиялық кесу қай жерде жасалады?

- Сол жақ төсбұғана-емізик бұлшықеттің ішкі жиегінде**
- Сол жақ төсбұғана-емізик бұлшықеттің сыртқы жиегінде**
- Оң жақ төсбұғана-емізик бұлшықеттің сыртқы жиегінде**
- Оң жақ төсбұғана-емізик бұлшықеттің ішкі жиегінде**
- Орта сызық бойынша**

Жол-көлік апатынан кейін пациентке бас миына қысым түсіп, жедел нейрохирургиялық көмек қажет болды. Операция кезінде сүйек фрагменті алынып тасталды және орны қайта қойылмады. Мұндай трепанация қалай аталады?

- Декомпрессионды трепанация**
- Сүйек-пластикалық трепанация**
- Ламинэктомия**
- Бір сәттік трепанация**
- Екі сәттік трепанация**

Мойынның негізгі тамыр-нерв шоғыры (vagina carotica) құрамына ішкі мойындырық венасы, жалпы ұйқы артериясы және кезбе нерв кіреді. Бұл құрылымдардың өзара орналасу топографиясын ескере отырып, шоғырдың медиальды жағында орналасқан элементті анықтаңыз:

- Жалпы ұйқы артериясы**
- Кезбе нерв**
- Жоғарғы көмей нерв**
- Ішкі мойындырық венасы**
- Төменгі жақ нерв**

Науқаста операциядан кейін дауысы қарлығып, жұтыну кезінде қиындау байқалды. Зақымдану мойын аймағында болған. Дауыстың қарлығыуы көмей бұлшықеттерінің салдануымен байланысты. Қай нервтің зақымдануы бұл белгілерді туындатуы мүмкін?

- Қайтарма көмей нервтері**
- Жоғарғы көмей нервтері**
- Диафрагмалық нервтер**

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 75-ші беті

<variant> Қосымша нерв

<variant> Мойын өрімі

<question> Қалқанша безіне бүйірлік қолжетімділік арқылы операция (тиреоидэктомия) жүргізу кезінде хирург бездің бүйірлік бөлігін қоршаған құрылымдарды мұқият ажыратады. Бездің бүйір жиегіне ең жақын, сыртынан іргелес орналасқан маңызды анатомиялық құрылым қайсы?

<variant> Жалпы ұйқы артериясы (a. carotis communis) — мойынның ірі тамыры, қалқанша бездің бүйір жағында орналасып, операция кезінде қан кету қаупін тудырады.

<variant> Кезбе жүйке діні

<variant> Ішкі мойындырық венасы

<variant> Қайтарма көмей жүйкесі

<variant> Диафрагмалық жүйке

<question> Пациентке мойын омыртқаларының рентгенографиясы жасалды. Хирург немесе радиолог ұйқы төмпешігінің (tuberculum caroticum) орналасқан мойын омыртқасын анықтау қажет. Қай мойын омыртқасының көлденең өсіндісінде ұйқы төмпешігі орналасқан?

<variant> VI мойын омыртқасы

<variant> II мойын омыртқасы

<variant> IV мойын омыртқасы

<variant> V мойын омыртқасы

<variant> VII мойын омыртқасы

<question> Мойын аймағына операция алдында немесе ауырсыну синдромын жою мақсатында А. В. Вишневский бойынша вагосимпатикалық блокада жасалады. Процедурадан кейін дәрігер блокаданың тиімді орындалғанын тексеру үшін науқастың бетін және көз аймағын бақылайды. Қай клиникалық белгі блокаданың дұрыс жасалғанын көрсетеді?

<variant> Бет пен көздің ақ қабығының (склераның) гиперемиясы, терінің жылынып, құрғауы

<variant> Көз саңылауының кеңеюі және қарашықтың ұлғаюы (мидриаз)

<variant> Тітіркенудің жоғарылауы және жүрек соғуының жиілеуі

<variant> Жыламсу және сілекей бөлінуінің күшеюі

<variant> Қозу және мазасыздықтың артуы

<question> Мойын аймағында ірінді үрдістер жиі шандырлық кеңістіктер бойымен тарайды. Хирург операция алдында төс-бұғана-емізیک бұлшықетінің айналасындағы шандырлық қабықтарды ажыратады. Қай мойын шандыры бұлшықетке жеке қынап (фасциалды футляр) түзеді және оның екі жапырағы арасында сыртқы мойындырық венасы өтеді?

<variant> II фасция

<variant> I фасция

<variant> III фасция

<variant> IV фасция

<variant> V фасция

<question> Төменгі мойын аймағында дренаж қою кезінде хирург алдыңғы мойындырық веналарын зақымдап алмау үшін олардың фасциялық орналасуын нақты білуі тиіс. Егер бұл веналар мойынның ортаңғы сызығы бойымен орналасып, бір-бірімен мойындырық веналарының венозды доғасы арқылы байланысса, онда олар қай фасциялық қабаттар арасында өтеді?

<variant> I және II фасциялар арасында, беткей фасция кеңістігінде

<variant> Тері мен I фасция арасында, яғни теріасты май қабатында

<variant> II және III фасциялар арасында, трахеалды кеңістігінде

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 76-ші беті

<variant> III және IV фасциялар арасында, висцеральалды кеңістігінде

<variant> IV және V фасциялар арасында, омыртқа алды кеңістігінде

<question> Хирург мойынның алдыңғы бетінде қалқанша безге жету операциясын жүргізуде.

Ол тіл асты бұлшықеттерін бөліп, олардың астындағы ішкі мойын шандырының (III фасцияның) шекараларын анықтауы тиіс. Осы шандырдың төменгі бекіну орны қайда орналасады?

<variant> Төс сүйегінің тұтқасына

<variant> III–IV қабырғалардың алдыңғы бетіне

<variant> Бұғана мен төс сүйегінің артқы бетіне

<variant> II–IV қабырғаларға

<variant> Бұғананың алдыңғы бетіне

<question> Төменгі мойын аймағына тілік салу кезінде хирург мойынның беткей қабаттарын біртіндеп ажыратады. Осы кезде екі жақтың алдыңғы мойын веналары бірігіп, мойындырық веноздық доға түзеді.

Бұл доға қай шандыр қабаттарының арасында орналасады?

<variant> I–II шандырлардың арасында

<variant> II–III шандырлардың арасында

<variant> III–IV шандырлардың арасында

<variant> IV–V шандырлардың арасында

<variant> Тері асты тіні мен мойынның I шандырының (беткей фасцияның) арасында

<question> Хирург мойын аймағында симпатикалық бағананы жарақаттамау үшін мойынның фасция қабаттарының анатомиялық орналасуын мұқият ескеруі қажет. Егер симпатикалық бағана алдыңғы жағынан IV фасциямен, ал артқы жағынан омыртқа бұлшықеттерімен шектелсе, онда ол қандай фасциялық кеңістікте орналасқан және қай фасцияның артында өтеді?

<variant> омыртқаалды кеңістік, IV фасцияның артында

<variant> вицеральалды кеңістік, III фасцияның артында

<variant> омыртқаалды кеңістік, II фасцияның артында

<variant> вицеральалды кеңістік, IV фасцияның артында

<variant> вицеральалды кеңістік, III фасцияның артында

<question> Тіл түбі аймағында хирургиялық араласу кезінде дәрігер Пирогов үшбұрышының шекараларын бағдар ретінде пайдаланады. Егер үшбұрыштың жоғарғы қабырғасын XII жұп — тіл асты нервті түзсе, онда үшбұрыштың қалған шекаралары мен маңызына сәйкес дұрыс анатомиялық сәйкестікті көрсетіңіз:

<variant> Жоғарғы қабырға — тіл асты нервті, төменгі — иек-тіл асты бұлшықеті, алдыңғы — екі қарыншалы бұлшықет; үшбұрышта тіл артериясы өтеді

<variant> Жоғарғы қабырға — тіл асты нервті, артқы — жауырын-тіл асты бұлшықеті; үшбұрыш арқылы мойынның сыртқы артериясы өтеді

<variant> Жоғарғы қабырға — тіл асты нервті, алдыңғы — иек асты бұлшықеті; үшбұрышта тіл венасы өтеді

<variant> Жоғарғы қабырға — екі қарыншалы бұлшықет, артқы — тіл асты нервті; үшбұрыш арқылы тіл нервті өтеді

<variant> Жоғарғы қабырға — иек-тіл асты бұлшықеті, алдыңғы — тіл асты нервті; үшбұрышта тілдің веналық өрімі орналасады

<question> Хирург алдыңғы мойын аймағында операция жасағанда көмей мен оған жақын орналасқан құрылымдарды анық ажырата білуі керек. Егер көмейдің төменгі бөлігі трахеямен жалғасса, онда көмейдің алдыңғы жағында орналасқан құрылымды көрсетіңіз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 77-ші беті

<variant> Қалқанша безі

<variant> Тимус безі

<variant> Трахея

<variant> Жақ асты без

<variant> Өңеш

<question> Трахеостомия жасау кезінде хирург трахеяның алдыңғы қабырғасын ашу алдында оны алдыңғы жағынан жауып тұратын құрылымдарды анық білуі тиіс. Егер трахея мойын бөлімінде көмейдің жалғасы ретінде басталып, оның алдыңғы беті безді тінмен жабылған болса, онда трахеяның басталуы алдыңғы жағынан қандай құрылыммен жабылған?

<variant> Қалқанша безінің мойын бөлігімен

<variant> Жалпы ұйқы артериясымен

<variant> Сыртқы ұйқы артериясымен

<variant> Ішкі ұйқы артериясымен

<variant> Өңешпен

<question> Қалқанша безіне хирургиялық жолмен жету кезінде оның алдыңғы жағында орналасқан бұлшықеттер мен фасциялық қабаттарды дұрыс ажырату қажет. Егер бездің алдыңғы бетінен тері мен бірінші фасцияны алып тастағанда, оның үстін жұп бұлшықеттер қабаттап жауып жатса, онда қалқанша безі алдыңғы жағынан қандай бұлшықеттермен жабылған?

<variant> Трахеаалды бұлшықеттермен – төс-тіласты және төс-қалқанша

<variant> Жақ-тіласты бұлшықетімен

<variant> Төс-бұғана-емізیک бұлшықетімен

<variant> Иек асты бұлшықетімен

<variant> Екі қарыншалы бұлшықетпен

<question> Эндоскопиялық зерттеу кезінде дәрігер жұтқыншақтың артқы қабырғасын қарау үшін науқастың басын артқа шалқайтады. Жұтқыншақ — аскорыту және тыныс алу жүйелеріне ортақ мүше, ол бас сүйегінің негізінен басталып, өңешке өтеді. Егер оның орналасу деңгейі мен шекаралары мойынның фасциялық кеңістіктері мен үшбұрыштарына сәйкес қарастырылса, онда жұтқыншақ негізінен қай анатомиялық аймақта орналасады?

<variant> Ұйқы үшбұрышында, ұйқы артериясы мен кезбе жүйке медиальды орналасады

<variant> Тіласты асты аймағында, кеңірдек алдындағы бұлшықеттер мен фасциялардың артында

<variant> Мойынның латеральды үшбұрышында, мойындырық көктамырлармен қатар

<variant> Төс-бұғана-емізик бұлшықет аймағында, бұлшықет астында терең орналасқан

<variant> Жауырын-бұғана үшбұрышында, терең веналар мен лимфа түйіндерінің артында

<question> Жұтқыншақтың төменгі (жұтқыншақ-өңештік) бөлімі жанасатын құрылымдардың анатомиялық байланысы хирургиялық араласулар кезінде ерекше маңызды. Егер осы аймақта іріңді қабыну дамыса, ол ең алдымен қай құрылымға таралуы мүмкін?

<variant> Ішкі мойындырық вена мен ұйқы артериясы өтетін қынапқа (vagina carotica)

<variant> Қалқанша безінің бүйірлік үлесін

<variant> Кеңірдектің алдыңғы қабырғасына

<variant> Иық өрімінің жоғарғы бағаны

<variant> Кезбе жүйкенің тармақтарына

<question> Жоғарғы өңештік стеноз немесе ісік кезінде хирург мойынның төменгі бөлігінде орналасқан құрылымдарды сақтауы қажет. Өңештің мойындық бөлімі бүйір жағынан қандай анатомиялық құрылыммен тығыз жанасып орналасады, таңдаңыз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 78-ші беті

<variant> Қалқанша безінің бүйірлік үлестерімен

<variant> Кеңірдектің латеральды қабырғасымен

<variant> Айырша безінің қалдықтарымен

<variant> Тіласты-жақасты бұлшықеттерімен

<variant> Жұтқыншақтың артқы қабырғасымен

<question> Өңештің мойын бөлігі сол жақта орналасқан анатомиялық құрылымдармен тығыз байланыста болады. Сол жақ вагус жүйкесі өңештің бұлшықет қабатымен қатар өтетіндіктен, сол жақ мойынға жасалатын операциялар кезінде өңештің жанындағы қандай құрылымға зақым келу қаупі жоғары?

<variant> Кезбе нервке

<variant> Жалпы ұйқы артериясына

<variant> Ішкі мойындырық венаға

<variant> Иық өрімінің жоғарғы бағаналарына

<variant> Төс-бұғана-емізیک бұлшықетке

<question> Хирург мойын аймағында жалпы ұйқы артериясын табу мақсатында ұйқы үшбұрышына бағытталған тілік жасайды. Үшбұрыштың медиальды қабырғасы анатомиялық тұрғыдан қандай бұлшықетпен шектеледі, таңдаңыз:

<variant> Төс-тіласты бұлшықетпен

<variant> Жауырын-тіласты бұлшықетінің жоғарғы қарыншасымен

<variant> Жақасты-тіласты бұлшықетінің төменгі бөлігімен

<variant> Екі қарыншалы бұлшықеттің артқы қарыншасымен

<variant> Тіласты-қалқанша бұлшықетпен

<question> Кеуде қуысынан мойынға өтетін аймақта хирург оң жақ бұғанаасты артериясына қол жеткізу үшін операция жасап жатыр. Хирург ірі веналар мен жүйкелерді зақымдап алмауы тиіс. Осы жағдайда артерияның алдында қандай анатомиялық құрылымдар өтеді, таңдаңыз:

<variant> Оң иық-бас венасы және оң жақ диафрагмалық нерв

<variant> Веноздық бұрыш және кеуде лимфа түтігі (проток)

<variant> Оң жақ кезбе нерві және қосымша нерв

<variant> Оң жақ диафрагмалық нерв артерияның артында өтеді

<variant> Кеуде лимфа түтігі және мойындырық венасы артериямен жанаса орналасқан

<question> Сол жақ бұғанаасты артериясының алдынан өтетін құрылымдарды олардың анатомиялық орналасуы мен клиникалық маңызын ескере отырып таңдаңыз:

<variant> Сол жақ көкет (диафрагмалық) нерві мен сол жақ иық-бас венасы артерияның алдынан өтеді

<variant> Сол жақ кезеген(вагус) нерв артерияның артқы бетімен тығыз жанасады

<variant> Кеуде өзегі артерияның алдыңғы бетімен өтеді

<variant> Сол жақ ішкі мойындырық вена артерияның арасында орналасқан

<variant> Сол жақ иық-бас венасы артерияның артында және көкет нервінің сырт жағында орналасқан

<question> Алдыңғы сатылы (m. scalenus anterior) және мойынның (ұзын m. longus colli) бұлшықеттері арасындағы анатомиялық саңылауда қандай құрылым өтеді және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Бұл жүлгеден диафрагмалық жүйке өтеді, ол көкірек қуысына кіріп, диафрагманы иннервациялайды

<variant> Бұл жүлгеден омыртқа артериясы өтеді, ол ми бағанын қанмен қамтамасыз етеді

<variant> Бұл жүлгеден сыртқы мойындырық венасы өтеді, ол бет пен бастың веноздық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 79-ші беті

қанының негізгі ағысын қамтамасыз етеді

<variant> Бұл жүлгеден кезбе нерв өтеді, ол жүрек пен ішкі ағзалардың парасимпатикалық иннервациясын қамтамасыз етеді

<variant> Бұл жүлгеден кеуде лимфа түтігі (ductus thoracicus) өтеді, ол мойын веноздық бұрышына лимфаны жеткізеді

<question> Жауырын үсті артериясы (a. suprascapularis) қай артерияның тармағы болып табылады және оның клиникалық-маңызы қандай?

<variant> Қалқан-мойын діңінің тармағы болып, жауырын аймағының бұлшықеттері мен иық буынын қанмен қамтамасыз етеді

<variant>) Омыртқа артериясының тармағы, мойын бұлшықеттері мен ми бағанын қанмен қамтамасыз етеді

<variant> Көлденең мойын артериясының тармағы, трапеция тәрізді бұлшықет пен арқа үсті аймағына қан жеткізеді

<variant> Кеуде ішілік артерияның тармағы, алдыңғы кеуде қабырғасын қоректендіреді

<variant> Бұғанаасты артериясының тікелей тармағы ретінде жауырын үсті аймағына өтеді

<question> Хирург мойынның сол жағында ірі қан тамырлар шоғыры аймағында операция жасап жатыр. Осы кезде ол жұтқыншақ артындағы кеңістіктен өтетін кеуде лимфа түтігін (ductus thoracicus) байқады. Кеуде лимфа түтігінің мойынның негізгі қан тамыр-жүйке шоғырына қатысты орналасуы қалай, тандаңыз:

<variant> Артында

<variant> Алдында

<variant> Ішінде (шоғырының құрамында)

<variant> Сыртында

<variant> Қан тамырлардың арасында

<question> Дәрігер науқаста көмей аймағындағы ірінді-қабыну процесін анықтады. Бұл инфекция көбінесе көмейдің алдындағы лимфа түйіндеріне тарайды. Алдыңғы мойын лимфа түйіндері қай анатомиялық құрылымдарға қатысты орналасады, тандаңыз:

<variant> Көмейдің алдыңғы жағында, трахея алдында және ортаңғы мойын фасциясы аймағында

<variant> Көмейдің артында, жұтқыншақ қабырғасына жақын

<variant> Трахеяның артында, өңеш жанында

<variant> Мойынның негізгі қан тамыр-жүйке шоғырының артында

<variant> Ішкі мойындырық венасы бойымен, оның сыртқы жиегінде

<question> Асқазан мен төменгі өңештің қатерлі ісігі кезінде метастаздар алдымен қай аймақтың лимфа түйіндерінде анықталады және бұл белгінің клиникалық маңызы:

<variant> Бұғана үсті лимфа түйіндерінде (Трузье-Вирхов түйіні) — асқазан мен төменгі өңеш обырының алыс метастазының ерте белгісі

<variant> Төменгі жақ асты лимфа түйіндерінде — ауыз қуысы мен тіл түбірі ісіктерінде байқалады

<variant> Иек астындағы лимфа түйіндерінде — маңызы жоқ

<variant> Терең мойын түйіндерінде — асқазан мен төменгі өңеш обырының алыс метастазының ерте белгісі

<variant> Алдыңғы мойын түйіндерінде — қалқанша безінің қабыну және ісік үрдістерінде байқалады

<question> Тілдің артқы (түбірлік) бөлігіндегі қатерлі ісік кезінде метастаз ең алдымен қай лимфа түйіндері тобына таралады және бұл аймақтың анатомиялық ерекшелігі неде?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 80-ші беті

<variant> Ішкі мойындырық венасы мен бет венасы арасындағы деңгейде орналасқан терең мойын лимфа түйіндеріне; бұл түйіндер тіл түбірінен лимфа ағымының негізгі бағыты болып табылады

<variant> Төменгі жақ асты лимфа түйіндеріне; олар тілдің ұшы мен бүйір беткейлерінен лимфа қабылдайды

<variant> Иек лимфа түйіндеріне; олар негізінен алдыңғы төменгі бөліктен лимфа алады

<variant> Бұғана асты лимфа түйіндеріне; олар кеуде және жоғарғы аяқ-қол лимфасын қабылдайды

<variant> Алдыңғы мойын түйіндеріне; олар көмей және қалқанша маңындағы құрылымдардан лимфа жинайды

<question> Мойын аймағында хирург ішкі мойындырық венаны анықтауы тиіс. Бұл вена жалпы ұйқы артериясымен және кезбе нервмен орналасу қатынасын ескере отырып, дұрыс орналастыруды тандаңыз:

<variant> Жалпы ұйқы артериясының сыртында, артқы және латеральды жағында

<variant> Жалпы ұйқы артериясының ішінде, артериямен қапталған

<variant> Жалпы ұйқы артериясының алдыңғы жағында, мойын бұлшықеттеріне жақын

<variant> Жалпы ұйқы артериясының артында, омыртқаға бағытталған

<variant> Кезбе нерв мен жалпы ұйқы артериясы арасында, ішкі мойындырық венаның артқы жиегіне жақын

<question> Жоғарғы және ортаңғы көмейдің шырышты қабығын иннервациялайтын жүйке қандай, және оның зақымдануы кезінде қандай функциональды бұзылыстар пайда болуы мүмкін?

<variant> Жоғарғы көмей нерві (n. laryngeus superior) – шырышты қабықтың сезімтал және моторлық талшықтарын қамтамасыз етеді

<variant> Рефлексиялық жүйке (n. reflexus) – көмейдің рефлекторлық қозғалыстарын реттейді

<variant> Қосымша жүйке (n. accessorius) – мойын және иық бұлшықеттерін иннервациялайды

<variant> Тілдік жүйке (n. lingualis) – тілдің сезімталдығын қамтамасыз етеді

<variant> Тіл асты нерві (n. hypoglossus) – тіл бұлшықеттерін қозғайды

<question> Мойын аймағында диафрагмалық жүйке (n. phrenicus) қай бұлшықеттің беткейінде немесе астында орналасады, және бұл орналасудың клиникалық маңызы неде?

<variant> Алдыңғы баспалдақ бұлшықетінің (m. scalenus anterior) беткейінде — тораптық нерв блокадасы үшін анатомиялық бағдар

<variant> Ортаңғы баспалдақ бұлшықетінің (m. scalenus medius) алдыңғы бетінде — маңызды емес

<variant> Трапеция бұлшықетінің (m. trapezius) астында — сирек кездеседі, клиникалық мәні жоқ

<variant> Артқы баспалдақ бұлшықетінің (m. scalenus posterior) артында — көбінесе емес

<variant> V-мойын фасциясының алдында — клиникалық операцияларда абай болу қажет

<question> Плевра қуысының ең терең синусы қайсысы және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Қабырға-диафрагмалық синус — ең төменгі нүкте, плевральды сұйықтық жинақталу ықтималдығы жоғары

<variant> Диафрагмалық-ортаңғы оң жақ синус — сирек, клиникалық мәні аз

<variant> Алдыңғы қабырға-ортаңғы синус — катетер қою кезінде ескеріледі

<variant> Артқы қабырға-ортаңғы синус — тікелей тораптық қатынас жоқ

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 81-ші беті

<variant> Сол жақ диафрагмалық – медиастиналық синус — жүрек және медиастинумға жақын орналасқан

<question> Жүректің алдыңғы бетінде орналасқан тәждік жұлге (sulcus interventricularis anterior) бойымен қандай қан тамыры өтеді және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Алдыңғы қарыншааралық тармақ(r. interventricularis anterior) — алдыңғы төменгі бөлімнің қанмен қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді

<variant> Сол жақ тәждік артерия (a. coronaria sinistra) — жүректің алдыңғы бетін қамтамасыз етеді

<variant> Жүректің үлкен венасы (v. cardiaca magna) — коронарлы веналық қан кетуді қамтамасыз етеді

<variant> Оң жақ тәждік артерия (a. coronaria dextra) — негізінен артқы бөлімге қан жеткізеді

<variant> Екі коронарлық артерия бірден — анатомиялық дұрыс емес

<question> Жоғарғы қуыс венасы (v. cava superior) оң және сол жақта қай құрылымдармен шектеседі, және бұл орналасудың клиникалық маңызы неде?

<variant> Көкірекаралық плевра және аорта доғасы — медиастинальды құрылымдардың бір бөлігі ретінде маңызды

<variant> Өкпе түбіріне — негізгі өкпе тамырлары мен бронхтарға жақын орналасуы, хирургиялық операцияларда абай болуды талап етеді

<variant> Оң және сол жақ өкпе — жанама байланыс, клиникалық мәні шектеулі

<variant> Кезбе нервтерге (n. vagus) — нервтің өтетін жолымен байланысты, катетеризация кезінде абай болу қажет

<variant> Жұпталмаған және жартылай жұпталған вена — анатомиялық ерекшелік, бірақ негізгі клиникалық мәні төмен

<question> Ішкі кеуде артериясының (a. thoracica interna) соңғы тармағы қайсысы және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Жоғарғы құрсақүсті артериясы (a. epigastrica superior) — ішкі кеуде артериясының терминальды тармағы, кардиохирургиялық шунттарда жиі қолданылады

<variant> Жоғарғы бүйрекүсті безі артериясы (a. suprarenalis superior) — терминальды емес, жоғарғы бөлікке қан жеткізеді

<variant> Перикардияфрагмальды артерия (a. pericardiacophrenica) — жүрек қуысына және диафрагмаға қан береді, терминальды емес

<variant> Алдыңғы кеуде артериясы (a. thoracica anterior) — терминальды емес, кеуде бұлшықеттеріне қан береді

<variant> Бронх артериясы (aa. bronchiales) — өкпеге қызмет етеді, ішкі кеуде артериясының тармағы емес

<question> Диафрагманың ортаңғы және сыртқы аяқтары арасында қандай құрылым өтеді және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Жұпталмаған вена (v. azygos) — жоғарғы және төменгі қуыс венасын байланыстыратын коллатеральды жол

<variant> Симпатикалық баған (truncus sympathicus) — торакоабдоминальды нервтердің өту жолы, автономдық функцияларға қатысты

<variant> Жартылай жұпталмаған тамыр (v. hemiazygos) — веналық коллатеральдық жүйенің бір бөлігі, медиастинальды қан ағымы үшін маңызды

<variant> Кеуде лимфа түтігі (ductus thoracicus) — лимфаның жүрек қуысына және веналық жүйеге ағуын қамтамасыз етеді, травма кезінде лимфа жинақталуы мүмкін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 82-ші беті

<variant> Ішкі нервтер (n. splanchnici, n. phrenicus) — диафрагма мен ішкі мүшелердің иннервациясына қатысады

<question> Қабырғаралық нервтердің (nn. intercostales) негізгі бұтақтары қайдан шығады және олардың клиникалық маңызы неде?

<variant> Жұлын тармақтары (rami spinales) — қабырғаралық нервтердің негізгі шығу көзі, сезімтал және қозғалтқыш талшықтарын береді

<variant> Диафрагмалық жүйке (n. phrenicus) — қабырғаралық нервтердің тармағы емес, диафрагманы иннервациялайды

<variant> Бел өрімі (plexus lumbalis) — төменгі қырғалар мен төменгі аяқ иннервациясы үшін маңызды, қабырғаралық нервтерден шықпайды

<variant> Жатыр мойны өрімі (plexus cervicalis) — мойын және бастың бұлшықеттерін иннервациялайды

<variant> Иық өрімі (plexus brachialis) — жоғарғы аяқ-қол қозғалысына қатысады, қабырғаралық нервтермен байланысы жоқ

<question> Диафрагмада әртүрлі аяқшалар арасында орналасқан саңылаулардың қайсысы арқылы негізгі құрылымдар өтеді және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Өңеш тесігі — өңеш пен кезбе нервтері өтеді, езілген жағдайда гастроэзофагеальды рефлюкс қаупі бар

<variant> Диафрагманың ортаңғы және медиальды аяқшалары арасындағы саңылау — кеуде лимфа түтігі өтетін негізгі жол, травма кезінде хилоторакс пайда болуы мүмкін

<variant> Қолқа тесігі — аорта мен кейбір симпатикалық талшықтар өтеді

<variant> Диафрагманың ортаңғы және бүйір аяқшалары арасындағы саңылау — кейбір нерв және веналық тармақтар өтеді

<variant> Диафрагманың сіңірлі орталығы — диафрагманың негізі, бұлшықеттерді бекітуге арналған, негізгі саңылаулар мұнда орналасады

<question> Сүт безінің тірек байламын не құрайды және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Кеуде беткей фасциясы (fascia superficialis pectoris) — сүт безінің беткейлік байланысын қамтамасыз етеді, сүт безін теріге және терең құрылымдарға бекітеді

<variant> Үлкен кеуде бұлшықетінің сіңірі (tendo m. pectoralis major) — маңызы жоқ

<variant> Құс-тұмсық тәрізді-қабырға фасциясы (fascia coracocostalis) — негізгі сүт безінің тірек байламын құрайды, сүт безін теріге және терең құрылымдарға бекітеді

<variant> Кіші кеуде бұлшықетінің сіңірі (tendo m. pectoralis minor) — негізгі сүт безінің тірек байламын құрайды, сүт безінің позициясына әсер етеді

<variant> Кеуде қуысының өзіндік фасциясы (fascia thoracica propria) — терең қабат ретінде негізгі тірек байламымен жанама байланысады, сүт безінің позициясына әсер етеді

<question> Оң және сол жақ қабырғаралық веналар (vv. intercostales) ағып кететін негізгі веналық жүйелер қандай және олардың клиникалық маңызы неде?

<variant> Жұпталмаған және жартылай жұпталған веналарға (v. azygos, v. hemiazygos) — торакоабдоминальды веналық коллатеральдық жүйені құрайды, төменгі қуыс венасына балама жол болып табылады

<variant> Жоғарғы қуыс венасы (v. cava superior) — кейбір қабырғаралық веналар қосалқы түрде өтеді, бірақ негізгі бағыт емес

<variant> Бұғанаасты венасы (v. subclavia) — қолға қан жеткізетін веналық коллектор, торокальды веналардың негізгі шығуы емес

<variant> Кеуде латеральды венасына (v. thoracica lateralis) — қосалқы веналық жол, негізгі ағып кету бағыты емес

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 83-ші беті

<variant> Қолтықтасты веналарға (vv. axillares) — жоғарғы аяқ-қол веналық ағымы үшін маңызды, қабырғааралық веналармен жанама байланыс

<question> Торакопластика дегеніміз не және оның клиникалық мәні неде?

<variant> Кеуде (қабырға) сүйек қаңқасының бір бөлігін кесу — торокальды сүйектерге бағытталған хирургиялық араласу, бірақ толық торакопластика емес

<variant> Кеуде қуысының ашылуы — кеуде қуысына хирургиялық қол жеткізу, өкпе немесе плевра ауруларын емдеуде қолданылады

<variant> Плевра аутопсиясы — тек диагностикалық мақсатта, хирургиялық араласуға қатысы жоқ

<variant> Кеуде қолқасының шығуы — аорта аневризмасы немесе дисплазия кезінде сипатталады, торакопластика емес

<variant> Көкірекаралықтағы органдарды ашу — медиастинумды зерттеуге арналған хирургиялық әдіс, торакопластикадан бөлек

<question> Жүректің төменгі беті (facies diaphragmatica cordis) диафрагма арқылы қай құрылымдарға жақын орналасады және клиникалық маңызы неде?

<variant> Көкбауырға — жүректің төменгі бөлігі арқылы бауырдың жоғарғы жиегіне жанасады, хирургиялық араласу кезінде маңызды

<variant> Асқазанның түбіне және бауырдың сол жақ бөлігіне — жүрекке жанама орналасу, клиникалық мәні шектеулі

<variant> Көлденең тоқ ішекке — жүректің орналасуымен байланысы жоқ

<variant> Асқазан қуысына — жүректің төменгі бетімен тікелей байланысы жоқ

<variant> 12 елі ішекке — жүректің орналасуымен байланысы жоқ

<question> Қай бұлшықет кеуде қуысын бүйірден жауып, оның формасын сақтауда негізгі роль атқарады және клиникалық мәні неде?

<variant> Алдыңғы тісті бұлшықет (m. serratus anterior) — қабырғаларды бүйірден жабады, омыртқа мен қол қозғалысына қатысады

<variant> Үлкен кеуде бұлшықеті (m. pectoralis major) — кеуде қуысының алдыңғы бетін жауып, қол қозғалысына қатысады

<variant> Кіші кеуде бұлшықеті (m. pectoralis minor) — кеуде қуысының алдыңғы терең қабатын жабады, қолқаны төмен тартады

<variant> Арқаның аса жалпақ бұлшықеті (m. latissimus dorsi) — кеуде қуысына жанама әсер етеді, негізінен қолды және омыртқаны қозғайды

<variant> Жауырын үсті бұлшықеті (m. supraspinatus) — иық буыны мен омыртқаға қатысады, кеуде қуысын жауып тұрмайды

<question> Зоргиус түйіндері (nodi lymphatici axillares – аксиллярлық лимфа түйіндері) қай жерде орналасады және олардың клиникалық маңызы неде?

<variant> Кіші кеуде бұлшықетінің астында (m. pectoralis minor) — терең аксиллярлық түйіндер, сүт безі мен жоғарғы аяқ-қолға лимфа ағымына қатысады

<variant> Кеуденің үлкен бұлшықетінің бос жиегінің астында (margo liber pectoralis major) — қосалқы орналасу, негізгі түйіндер емес

<variant> Кеуденің үлкен бұлшықетінің астында (m. pectoralis major) — негізгі аксиллярлық лимфа түйіндері орналасқан, сүт безінен лимфа ағымы осымен жүреді

<variant> Кеуденің үлкен бұлшықетінің үстінде (m. pectoralis major) — беткейлік лимфа түйіндері, клиникалық мәні төмен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 84-ші беті

<variant>Алдыңғы тісті бұлшықет астында (m. serratus anterior) — медиальды лимфа жолдары үшін маңызды

<question> Іштің ең төменгі шекарасы қандай анатомиялық құрылыммен шектеледі және оның клиникалық мәні неде?

<variant>Мықын сүйегі (os ilium) — төменгі абдоминальды шекараны анықтайтын басты сүйек, хирургиялық және диагностикалық қолданыс үшін маңызды

<variant>Жамбас сіңір доғасы (arcus tendineus pelvis) — төменгі абдоминальды қабырғаға тірек береді, бірақ нақты іштің төменгі шекарасы емес

<variant>Жамбас терминальды сызығы (linea terminalis) — таза анатомиялық термин емес

<variant>Ішкі көлденең бұлшықетінің жоғарғы шеті (m. transversus abdominis) — іш бұлшықетінің жоғарғы бөлігі, төменгі шекара емес

<variant>Алмұрт тәрізді бұлшықетінің жоғарғы шеті (m. piriformis, верхний край) — төменгі іштің және жамбас қуысының аралығын шектейді

<question> Ұйқы безінің төменгі бөлігі алдыңғы жағынан қай құрылыммен жабылған және оның клиникалық маңызы неде?

<variant> Асқазан — хирургиялық араласуда маңызды

<variant>12 елі ішек — хирургиялық бағытты анықтауда ескерледі

<variant> Ұйқы безінің денесі — негізгі массасы

<variant>Ұйқы безінің басы — төменгі бөлікке қатысты емес

<variant>Ұйқы безінің құйрығы — клиникалық мәні негізінен сол жақ іш қуысына қатысты

<question> Аш ішектің (jejunum және ileum) ілмектері алдыңғы жағынан қай құрылыммен жабылған және бұл клиникалық тұрғыдан не үшін маңызды?

<variant> Үлкен май шарбы (omentum majus) — іштің ішкі мүшелерін механикалық және инфекциялық қорғауда маңызды, хирургиялық араласуларда қорғаныштық рөл атқарады

<variant> Висцеральды ішастар (viscera abdominalia) — іштің ішкі мүшелерін механикалық және инфекциялық қорғауда маңызды, хирургиялық араласуларда қорғаныштық рөл атқарады

<variant>Көлденең тоқ ішек шажырқайы (mesocolon transversum) — хирургиялық араласуларда қорғаныштық рөл атқарады

<variant>Іштің алдыңғы қабырғасы (paries abdominalis anterior) — іштің ішкі мүшелерін механикалық және инфекциялық қорғауда маңызды

<variant>Кіші май шарбы (omentum minus) — маңызы жо

<question> Бауырдың жоғарғы беті қандай құрылымдармен іргелес орналасқан және бұл клиникалық тұрғыдан не үшін маңызды?

<variant> Диафрагма — хирургиялық араласуда маңызды

<variant> Асқазан — кейбір операцияларда ескерілетін құрылым

<variant>Өт қабы —маңызы жоқ

<variant>Көкбауыр — хирургиялық мәні жоғары

<variant> 12 елі ішек —маңызы жоқ

<question> Тік ішектің қынапшасы түзілуінде анатомиялық қабаттар негізгі рөл атқарады, қынапшаның құрамын дұрыс анықтаңыз:

<variant>Іштің сыртқы, ішкі қиғаш және көлденең бұлшықеттерінің апоневроздары мен ішкі қабырғалық фасциясы есебінен

<variant>Тек іштің көлденең фасциясы

<variant>Тек перитонеум және оның төменгі үзінділері

<variant>Терінің астындағы майлы қабат және тері

<variant>Меншікті фасция және оның қабаттары

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»	
Бақылау өлшеу құралдары	16 беттің 85-ші беті

<question> Оң жақ шажырақай синусының жоғарғы шекарасы қандай құрылыммен шектеледі?

Құрылымды дұрыс таңдаңыз:

<variant> Көлденең тоқ ішектің төменгі жиек шажырқайымен

<variant> Көтерілетін тоқ ішектің жоғарғы шекарасы

<variant> Соқыр ішектің төменгі шекарасы

<variant> Мықын ішектің терминальдық бөлімі

<variant> Аш ішектің төменгі қисаю бөлігі

<question> Пациентке шап жарығын түзету операциясы жоспарланып отыр. Хирург шап каналының алдыңғы қабырғасына қол жеткізуді қажет етеді. Осы қабырғаны қандай құрылымдар қалыптастыратынын дұрыс анықтаңыз:

<variant> Іштің сыртқы қиғаш бұлшықеттің апоневрозы

<variant> Іштің тік бұлшықеті апоневрозы

<variant> Іштің көлденең фасциясы

<variant> Шап каналының майлы клетчаткасы

<variant> Паристальды фасция

<question> Хирург шап (ингвинальды) жарықты түзету операциясы кезінде шап каналының төменгі қабырғасын тексеруі қажет. Қандай құрылымдар шап каналының төменгі қабырғасын қалыптастыратынын анықтаңыз:

<variant> Шап байламы

<variant> Көлденең іш бұлшықетінің апоневрозы

<variant> Іштің тік бұлшықетінің апоневрозы

<variant> Іштің ішкі қиғаш бұлшықеті

<variant> Паристальды фасция

<question> Пациентке төменгі шажырқайлық венасының тромбозы диагнозы қойылды.

Операция немесе венография кезінде төменгі шажырқайлық венаның негізгі орныққан ағын бағытын дұрыс анықтаңыз:

<variant> Көкбауыр венасы

<variant> Төменгі қуыс вена

<variant> Сол жақ асқазан венасы

<variant> Оң жақ асқазан венасы

<variant> Жоғарғы қуыс вена

<question> Хирург бауыр операциясын жоспарлап отыр. Көкбауыр артериясын дұрыс анықтау үшін оның шығу жерін білу қажет. Көкбауыр артериясы қайдан шығады?

<variant> Жалпы бауыр артериясынан

<variant> Құрсақ сабауынан

<variant> Оң жақ асқазан артериясы

<variant> Жоғарғы шажырқай артериядан

<variant> Төменгі шажырқай артериядан

<question> Пациентке оң жақ тоқ ішек операциясы жоспарлануда. Хирург ұсақ артерияларды кесуден бұрын олардың шығу жерін білуі қажет. Оң жақ тоқ ішек артериясы (a. colica dextra) қай артериядан шығады?

<variant> Жоғарғы шажырқай артериядан (a. mesenterica superior)

<variant> Төменгі шажырқай артериядан (a. mesenterica inferior)

<variant> Мықын-тоқ ішек артериядан (a. ileocolica)

<variant> Көкбауыр артериясынан (a. splenica)

<variant> Құрсақ аортасынан (aorta abdominalis)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра «Топографиялық анатомия және гистология»		
Бақылау өлшеу құралдары		16 беттің 86-ші беті

<question> Асқазан операциясы кезінде хирург асқазанды мобилизациялайды. Бұл терминнің мағынасын дұрыс анықтаңыз:

<variant> Асқазанның операциялық алынатын бөлігін оның байламдарынан және сусымалы байланыстарынан босату

<variant> Асқазанның кесу (резекция) процесі

<variant> Асқазанда жасанды саңылау немес саңылау қалыптастыру

<variant> Асқазан мен ішектің арасында анастомоз пайда болу

<variant> Асқазанның алдын- ала өңдеуі немесе дезинфекциясы

<question> Төменде келтірілген тұжырымдардың қайсысы тігіс материалына қойылатын негізгі талаптарды толық сипаттайды?

<variant> биологиялық үйлесімділік

<variant> резорбцияланғыштық

<variant> беріктік

<variant> травматизмнің аз болуы

<variant> косметикалық тиімділік

<question> Пациентке орбитопластикалық операция жоспарлануда. Хирург ортаңғы қабықтық артерияның (a. meningea media) бас сүйек қуысына ену орнын дұрыс анықтау керек. Қай тесіктен ортаңғы қабықтық артерия кіретінін таңдаңыз:

<variant> Сүйір тесік (foramen spinosum)

<variant> Дөңгелек тесік (foramen rotundum)

<variant> Үлкен желке (foramen magnum)

<variant> Сопақша тесік (foramen ovale)

<variant> Жоғарғы орбиталық саңылау (fissura orbitalis superior)